

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Қысқаша көбейту формулаларын пайдаланып өрнектерді тепе-тең түрлендіру

ЖАРИЯЛАНДЫ
19.03.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/55286/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сыныбы: 7 Пәні: Алгебра

Сабақтың тақырыбы: Қысқаша көбейту формулаларын пайдаланып өрнектерді тепе-тең түрлендіру

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушылардың өткен сабақта алған білімдерін толықтыра отырып, бүгінгі сабақпен сабақтастыра отырып бекіту

Тәрбиелік: Оқушыларды ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиелеу

Дамытушылық: Оқушылардың ой – өрісін кеңейту, есеп шығару қабілетін дамыту.

Түрі: Бекіту сабағы

Әдіс-тәсілі: СТО, деңгейлік тапсырмалар

Көрнекілік: презентация, бағалау парағы, текше, үлестірмелі қағаздар

Сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі

1. Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, сабаққа даярлығын тексеру

2. Оқушылардың назарын сабаққа аудару (жүрекше арқылы оқушылар бір-біріне жылы лебіздері мен тілектерін білдіру)

II Үй тапсырмасын тексеру (мозаика арқылы есепті құрастыру)

№405 (1; 3; 4)

III Өткен сабақты пысықтау

Сәйкестендіру

IV Деңгейлік тапсырмалар

А деңгейі

B деңгейі

Сергіту сәті

С деңгейі

VI Бекіту

«Домино» ойыны арқылы анықтаманы құрастыру және оның қандай формула екенін айту

1. Екі өрнектің кубтарының қосындысы осы өрнектердің қосындысын олардың айырмасының толымсыз квадратына көбейткенге тең.

Жауабы: екі өрнектің кубтарының қосындысының анықтамасы, формуласы a^3+b^3

1. Екі өрнектің кубтарының айырмасы осы өрнектердің айырмасын олардың қосындысының толымсыз квадратына көбейткенге тең.

Жауабы: екі өрнектің кубтарының айырмасының анықтамасы, формуласы a^3-b^3

VII Қорытынды

MS Excel бағдарламасы арқылы баламалы тест алу

1)Қосындының толымсыз квадратының формуласын көрсет

a) a^2+ab+b^2 b) $a^2+2ab+b^2$

2)Айырманың толымсыз квадратының формуласын көрсет

a) $a^2-2ab+b^2$ b) a^2-ab-b^2

3)Екі өрнектің кубтарының қосындысының формуласын көрсет

a) $(a+b)^3$ b) a^3+b^3

4)Екі өрнектің кубтарының айырмасының формуласын көрсет

a) a^3-b^3 b) $(a-b)^3$

5)Екі өрнектің қосындысының кубының формуласын көрсет

a) $(a+b)^3$ b) a^3+b^3

Жауабы:

1. А

2. В

3. В

4. В

5. А

VIII Үй тапсырмасы: №407, формула жаттау

IX Бағалау

Бағалау парағы

Р/с Оқушы Үй тапсырмасы, өткен сабақты пысықтау Деңгейлік тапсырма Қорыту Баға

А В С

1 Боқанова Алтынай

2 Дүйсекеев Темірлан

3 Қожабаев Алдир

4 Малигаждар Жасұлан

5 Нугірбекова Аида

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.